

Жануарларды өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 16-04/679 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10131 тіркелді

«Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 46-16) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жануарларды өткізу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

С. Омаров

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2014 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 16 - 04 / 679 бұйрығымен
бекітілген

Жануарларды өткізу қағидалары 1. Жалпы ережелері

1. Осы Жануарларды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 46 -16) тармақшасына сәйкес дайындалған және Қазақстан Республикасы аумағында жеке және заңды тұлғалардың жануарларды өткізу тәртібін анықтайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жануарлар – үй жануарлары мен жабайы жануарлар, сонымен қатар ірі қара мал, қойлар мен ешкілер, шошқалар, жылқылар, түйелер, будандастыру арқылы алынған шатыстар, үй құстары, балықтар, жібек құрттар, аралар және зертханалық жануарлар;

2) шаруашылық – ғимарат (құрылым, құрылыс), хайуанаттар бағы, ферма, цирк, жеке қосалқы шаруашылық немесе жануарларды бағып ұстау үшін қолданылатын жер т е л і м і ;

3) ішкі сауда объектісі – жануарларды өткізуді жүзеге асыратын сауда объектілері (б ұ д а н ә р і – ө т к і з у о б ъ е к т і л е р і) .

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдар шешімімен белгіленген аумақтарды аймақтарға (қолайсыз, буферлік аймақтар, бақылау аймағы, қолайлы аймақ) бөлу және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша эпизоотиялық ахуалы ескерілген әкімшілік-аумақтық бірліктің жануарларын өткізуге болады.

Аумақтарда орналасқан жануарларды өткізу:

1) қолайлы аймақтардан шектеусіз жүзеге асырылады;

2) буферлік аймақтан, бақылау аймағынан осы Қағиданы сақтап, белгіленген аймақ ш е г і н д е ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

3) қолайсыз аймақтардан, Заңның 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес бекітілетін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды сақтай отырып, оларды қайта өңдеу кәсіпорындарында санитариялық союды жүргізу үшін өткізуді қоспағанда, ж ү з е г е а с ы р ы л м а й д ы ;

4) әкімшілік-аумақтық бірліктен карантин шешілген соң, шектеу шаралары белгіленіп, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана осы қағидаларды сақтай о т ы р ы п ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы жануарларды өткізуде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жұмыстарын жүргізеді.

4. Жеке және заңды тұлғалар үш жұмыс күні ішінде ветеринария саласында қызмет атқаратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдарымен құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық бақылау және қадағалау органдарды жаңадан алынып жатқан (алынған) жануарды (жануарларды), оны (оларды) өткізу туралы хабарлайды.

5. Өткізуге рұқсат етілетін жануарлар:

1) ветеринариялық қараудың нәтижелері бойынша;

2) ветеринариялық құжаттардың (ветеринарлық сертификат, ветеринарлық анықтама) болуы, иттер және мысықтар үшін ветеринариялық паспорттың болуы;

3) жеке және топтық тәсілмен бірдейлендірілген (ауыл шаруашылығы ж а н у а р л а р ы н а а р н а л ғ а н) ;

4) үй жағдайында, коллекцияларда, зоологиялық бактарда, цирктерде бағып ұстауға

арналған, тәжірибелік жануарлар түрінде пайдалануға арналған бірдейлендірілмеген;

5) карантиндеуден өткізілген.

Жеке пайдалануға арналған сандары 2 бастан аспайтын иттер мен мысықтарды, Заңның 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес бекітілетін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды сақтай отырып, вакцинация жасалғандығын растайтын белгі соғылған, жануарға арналған ветеринариялық паспортымен ілестіре отырып, карантиндеусіз өткізуге рұқсат етіледі. Бұл ретте құтыруға қарсы кез келген кейінгі вакцинация, алдыңғы вакцинацияның әсері бар кезеңінде жүргізілуі қажет.

2. Жануарларды өткізу тәртібі

6. Жануарлары өткізу тікелей шаруашылықтарда, сонымен қатар өткізу объектілерінде іске асырылады.

7. Жануарларды тікелей шаруашылықтарда өткізу алдында, жеке және заңды тұлғалар келесі ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастырады:

- 1) Заңның 25-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес карантиндеу;
- 2) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық егулер және диагностикалық зерттеулерді жүргізу;
- 3) өткізілетін жануарларды күнделікті ветеринариялық қарауын, термометрия жасау

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігері немесе шаруашылықтың ветеринариялық дәрігері (бар болса) барлық жүргізілетін ветеринариялық-профилактикалық шараларды, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген ветеринариялық-профилактикалық шараларды тіркеуге арналған № 1-вет нысанындағы журналда және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша дерекқорда тіркейді.

8. Өткізу объектілерінде жануарларды өткізу кезінде, ветеринарлық дәрігер келесі іс-шараларды жүргізеді:

- 1) ветеринарлық құжаттарды салыстырып тексереді;
- 2) жануарларды өткізу объектісіне келіп түскен ауыл шаруашылығы жануарының ақпаратын ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорымен салыстырады (мәлімет: түрі және тұқымы, жынысы, жасы, түсі, бірдейлендіру нөмірі, ветеринарлық өңдеулері, диагностикалық зерттеулердің нәтижелері, мал иесінің мекен жайы);
- 3) жануарларды өткізгенге дейін, күнделікті ветеринариялық қарауын, іріктелген термометрия жасайды.

9. Өткізу объектісінің ветеринарлық дәрігерімен нөмірленген, байланған және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың қолымен және мөрімен бекітілген журналда өткізу объектісіне келіп түсетін жануарлар туралы мәліметтер (өткізілетін жануар иесінің аты-жөні (бар болса), мекен-жайы, жануардың жеке нөмірі, жасы, түсі, түрі, жынысы, ветеринарлық қарау нәтижелері, жануарды сатып алған иесінің аты-жөні (бар болса), мекен-жайы) тіркеледі .

10. Егер ауруға күдік туған кезде (қалыпты жағдайдан температурасы артық болса, әлсіздік жағдайда, жануарлардың негізгі физиологиялық көрсеткіштеріне сәйкес емес басқа ауытқулар бар болса және азықтан бас тартса) немесе ветеринариялық қарау кезінде ауру жануарды анықтаса, өткізу объектісінің ветеринариялық дәрігері олардың оқшауланып ұсталуына шаралар жасайды және ветеринария саласында қызмет атқаратын жергілікті атқарушы органның бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органмен құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарына, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына хабарлайды.

11. Жергілікті атқарушы орган құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның ветеринария саласындағы маманы, жеке және заңды тұлғалардың, өткізу объектісінің ветеринариялық дәрігерінің ақпараты бойынша, өткізілген жануарлар туралы тиісті мәліметтерді ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша дерекқорға енгізеді.